



КӨМЕК КӨРСЕТКЕНДЕРГЕ
АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ!

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҚОСЫМША ҚАРЖЫ
НЕ ҮШІН БӨЛІНЕДІ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



РОМАН ТЕЛЕХИКАЯҒА
АЙНАЛДЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ЕЛБАСЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ:

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ БІЗ ЕЛДІК
ДӘСТҮР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК МӘДЕНИЕТТІ
ЖАҒҒЫРТТЫҚ. ОСЫЛАЙША, ТӨРТКҮЛ
ДҮНИЕНІ АТ ТҮЯҒЫМЕН ДҮБІРЛЕТКЕН
ДАҒҚТЫ БАБАЛАРДЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»
МҰРАТЫН ҚАЙТА ЖАЛҒАДЫҚ, ТЕГЕУРІНІ
БЕРІК, ТЕПКІСІ ҚАТТЫ ЗАМАНДА ТЕҢ ЖА-
РЫМИНАН АЙРЫЛҒАН ХАЛҚЫМЫЗ АНА
ТІЛІНЕН, ҚАСИЕТТІ ДІНІНЕН КӨЗ ЖАЗЫП
ҚАЛА ЖАЗДАДЫ. ДЕГЕНМЕН СОНЫҢ
БӘРІ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХЫН ЖАСЫТА
АЛҒАН ЖОҚ, АЗАТТЫҚҚА ДЕГЕН АҢСА-
РЫН ЖЕҢЕ АЛМАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№27 (4151)
Бейсенбі
11 наурыз
2021 жыл

NurSultan

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АППАРАТ

ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРҒА ҚОНАДЫ

Биылғы 13 қаңтарда қаланың ономастика комиссиясы бірқатар мектепке атау беру, мәдени ошақты қайта атау мәселесін қарап, мақұлдады. Сессияда аталған шешіммен Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сәкен Есіркеп таныстырды.

Атап айтқанда, №35 мектеп-лицейге көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, алғашқы қазақ елшілерінің бірі, дипломат Нәзір Төреқұлұлының, №49 орта мектепке Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист Қошке Кемеңгерұлының, №51 мектеп-гимназияға Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқайдың, №53 мектеп-лицейге Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының, №61 орта мектепке академик, ҚазКСР Ғылым академиясының негізін қалаған тұлға Қаныш Сәтбаевтың, №67 гимназияға қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Илияс Есенберлиннің, №74 мектеп-гимназияға ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың, №78 мектеп-гимназияға мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының, №90 гимназияға көрнекті ғалым, абайтанудың негізін қалаған тұлғалардың бірі Қайым Мұхамедханұлының аттарын беру, «Номад сити холл» театрын Әзірбайжан Мәмбетов атындағы драма және комедия театры деп қайта атау ұсынылды. Мәслихат депутаттары бұл ұсыныстарды қолдады.

– Осы ұсыныстардың барлығы тиісті мекеме мен ұжымдардың, зиялы қауымның атынан келіп түсті. Отырыстан кейін қала әкімдігінің қаулысы мен Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі Үкімет жанындағы республикалық ономастика комиссиясына жіберіледі. Сол жерде қолдау тапса, Үкіметтің арнайы қаулысымен бекітіледі, – деді С.Есіркеп.



ЕЛОРДАНЫ ДАМУ – АБЫРОЙЛЫ МАҚСАТ


Қаланы тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз шаһарға айналдыру – қала басшылығы алдында тұрған ең басты міндет, абыройлы мақсат. Осы орайда қабылданған «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспарында көзделген жобалардың жүзеге асырыла бастағаны елорданың сәулеті мен дәулетін еселеуге бағытталып отыр. Бас қаланы көркейту жұмыстары Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында ерекше серпінде жүргізілетін болады.

ЖОҒАРЫ РЕЙТИНГ

№9 «Зерде» мамандандырылған мектебінің оқушысы Дильназ Уалиева EGMO қыздар арасындағы Халықаралық математикалық олимпиадасына іріктеуде жоғары нәтиже көрсетті.

Дильназ Уалиева – 2019 және 2020 жылдардағы алтын және қола медальдардың иегері. Осы жылы Дильназ 2021 жылғы қыздар арасындағы Еуропалық математикалық олимпиадаға (EGMO) іріктеу олимпиадасының барлық қатысушылары арасында жеке рейтингте бірінші болды.

БІЛІМ



КӨКТЕМГІ ҰБТ БАСТАЛДЫ

«Тестілеуді өткізу кестесіне сәйкес бүгін еліміздің 12 аймағында ҰБТ өтіп жатыр. Ал Нұр-Сұлтан қаласы мен Батыс Қазақстан облысында тестілеу 12 наурызда, Атырау, Қарағанды және Павлодар облыстарында 15 наурызда басталады» деп хабарлады Білім және ғылым министрлігі.

Бұл жолы жоғары оқу орнының ақылы бөліміне түсуді жоспарлаған талапкерлер үшін ұйымдастырылатын Ұлттық бірыңғай тестілеу компьютер форматтыңда өтеді. Пәндер саны әдеттегідей бесеу: үш міндетті және екі бейіндік пән бойынша тестілеу жүргізіледі. Тестілеуге жалпы 4 сағат (240 минут) беріледі. Максималды балл – 140. Тестілеу электронды форматта «бір тестіленуші – бір компьютер – бір камера» қағидасы бойынша өтеді.

4



ЖЫЛЫ АЯЛДАМАҒА ЖАУАПТЫ КІМ?

Елордадағы жылы аялдамалар қаңғы-бастар мен мас адамға арналған ба? Үйсіз-күйсіздер таңды осы жерде атырып, тіпті ішінде дәрет сындырады. Оған адам төзгісіз иісі дәлел. Қуықтай бөлменің бұрыш-бұрышы қоқыстан көрінбейді. Индет әлі басылған жоқ, десе де, жолаушылар көп жиналатын бұл орында санитарлық талаптардың сақталатынына күмән көп.

5-БЕТ

ЕСЕЛЕНГЕН ҚУАНЫШ

Бала – біздің болашағымыз, ертеңгі үміт артар жалғасымыз. Сондықтан да халқымыз «бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» деп ешуақытта баланы көпсінбеген.

Әйел-аналар мерекесі биыл да шаттығы мен сүйінші жаңалықтары молынан ала келді. Нұр-Сұлтан қаласында 8 наурыз күні 59 нәресте (23 қыз бен 36 ұл бала) дүниеге келген.

Сәбилер мен олардың аналарының жағдайы ойдағыдай. Перзентхана тарапынан бастапқыда қажетті күтім мен көмек көрсетілуде.

Дүниеге сәби келгені – олардың ата-аналары үшін ғана емес, еліміз үшін де зор қуаныш. Сондықтан биыл алғаш рет 8 наурыз күні туған нәрестелерді құттықтау туралы бастама көтерген қала басшылығы барлық сәбилер мен олардың аналарын құттықтап, елорда әкімінің атынан құттықтау хаттар мен жаңа туған нәрестелерге қоларба сыйға тартты.

№27 (4151) 11/03/2021 Бейсенбі

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Әсет Исекешевті қабылдады.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ БАЯНДАЛДЫ

Кездесуде Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы баяндалды.

– Біз Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізіп, онда маңызды мәселелерді талқыладық. Тийісті Стратегияны бекіттік, соның аясында жұмыс атқару қажет. Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты онда айқындалған міндеттердің жүзеге асырылу барысын қадағалауға тиіс, – деді Елбасы.

Сондай-ақ Нұрсұлтан

Назарбаев отандық әскери-өнеркәсіптік кешенді дамыту мәселесіне ерекше назар аударды.

Әсет Исекешев 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын дайындау барысы туралы баяндады. Сонымен бірге Аппараттың азаматтардың қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерлерді анықтау, алдын алу мен бейтараптандырудың жүйелі шараларын әзірлеуге бағытталған жұмысы жайлы айтып берді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Nur Otan партиясының Төрағасы Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев партияның Саяси кеңесі Бюросының мүшесі, Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады.



Кездесуде Қазақстанның Тұңғыш Президентіне партияның «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын орындауға бағытталған Жол картасын жүзеге асыру бойынша жоспарланған шаралар туралы баяндалды.

Сондай-ақ Елбасыға жаһандық пандемия салдарынан туындаған дағдарыс жағдайында ұлттық экономиканың тұрақтылығын сақтау үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет берілді.

– Үкімет алдында экономиканың 3 пайыздан артық өсімін қамтамасыз ету міндеті тұр. Бүгінде өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және ауыл шаруашылығы негізгі драйверлер болып саналады. Қызмет көрсету секторы қалпына келе бастады, – деді Асқар Мамин. Сонымен қатар кездесу барысында ұлттық экономикаға инвестиция тарту жұмысының маңызы атап өтілді.

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының Бас хатшысы Станислав Засьті қабылдады.



Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының Бас хатшысы Мемлекет басшысын ұйымның қазіргі жағдайы мен даму болашағы туралы хабарлар етті. Кездесу барысында халықаралық ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша ауқымды мәселелер қаралды.

Станислав Зась ҰҚШҰ Бас хатшысының бітімгершілік мәселелері жөніндегі арнайы өкілі институтын құру, Қазақстан Президентінің бастамасын іске асыру бойынша ұйым хатшылығы жүргізіп жатқан жұмыс туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымның алдағы дамуына байланысты бірқатар ұсыныстар айтып, Қазақстан тарапының ҰҚШҰ шеңберінде саяси ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және оның әлеуетін арттыруға дайын екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Стэнфорд университетінің профессоры Фрэнсис Фукуямамен кездесу өткізді.

АТАҚТЫ ПРОФЕССОРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы халықаралық қатынастар саласындағы белгілі америкалық сарапшы, Стэнфорд университетінің профессоры Фрэнсис Фукуямамен бейне байланыс арқылы кездесу өткізді.

Тараптар әлемдік дамудың заманауи үрдістерін және коронавирустан кейінгі кезеңде геосаясат тәртібін жаңғыртудың келешегін талқылады.

Сондай-ақ COVID-19 пандемиясынан жинақталған тәжірибені негізгі факторлары және халықаралық байланыстардың өзгеруін өзектендіру

мәселелері талқыланды.

Президент америкалық ғалымға Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, еліміздің сыртқы саясаттағы негізгі басымдықтары, соның ішінде, Орталық Азия аймағына қатысты ұстанымдары туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев әңгімелесу соңында эпидемиологиялық жағдай жақсарғаннан кейін Фрэнсис Фукуямамен Қазақстанға келуге шақырды. Профессор өз кезегінде Мемлекет басшысына кездесу үшін алғыс білдіріп, болашақта халықаралық саясаттың өзекті мәселелері бойынша өзара табысты ынтымақтастық орнататынына сенім білдірді.



ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫН НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Мәслихат депутаттары Алматы ауданы полиция басқармасына барды.

Депутаттар алдымен тәртіп сақшыларының азаматтарды қабылдау бөлмесімен танысты. Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов атап өткендей, онда медиация қызметі табысты жұмыс істейді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында ішкі істер органдарын жаңғыртудың жол картасын қабылдауды тапсырған еді. Соған сәйкес тоғыз бағыт айқындалды. Депутаттар мен полициялер осы бағыттарды талқылады.

Соның ішінде ішкі істер органдарының штаттық құрылымын оңтайландыру, полиция қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту, жалақы төлеу мен әлеуметтік қорғау сапасын арттыру сияқты мақсаттар бар.

– Депутаттарға тергеушілердің электронды форматтағы жұмысының жаңа әдістері көрсетілді. Полициялер өздерінің проблемалық мәселелері туралы айтты. Бұл қатарда кадрлардың, әсіресе учаскелік полициялердің жетіспеушілігі, қызметтік кабинеттерге бейнебақылау камераларын орнату қажеттілігі бар, – деді қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов.

ҚАҒТАРЫЛҒАН ҚҰРЫЛЫС ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Қала әкімі Алтай Көлгінов таңертеңгі аралау кезінде ұзаққа созылған «Бағыстан» тұрғын үй кешенінің құрылысы барысымен танысты. Әкім бұл туралы өзінің инстаграм парақшасында баяндады.

«Құрылысты аяқтау жолында ауқымды жұмыстар атқарылды: инвестор тартылды, «GLB» үй құрылысы комбинатының жұмысы жаңартылды, сыртқы және ішкі инженерлік желілер тартылды, сондай-ақ басқа да бірқатар мәселелер шешілді. «Бағыстанның» «1» және «3» позицияларын осы жылдың көктемінде қолданысқа беруді тапсырдым. Осы позицияларға витраждар мен терезелер орнатылып, инженерлік желілер (су, электр, жарық, кәріз) тартылып қойды. 1-позиция бойынша жұмысшылар ішкі безендіруге кірісті. Тұрғын үй кешенінің үлескерлерінің жалпы саны шамамен 500 отбасын құрайды. Ал «2» және «4» позицияларын жыл соңына дейін аяқтауды тапсырдым. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін «Бағыстанға» кіреберіс жолдарды айқын үшбұрыш түрінде жасауды жоспарлап отырмыз, абаттандыру жұмыстары көктемде басталады.

Үйлерді салу кезіндегі күрделі мәселелердің бірі – инженерлік желілерге қосылу. Бұл әрі қымбатқа түседі. Үйдің құрылыс қарқынды жүріп жатқан ауданда орналасқанын ескердік, инженерлік желілер мәселесі жаңадан салынатын үйлер үшін де жедел шешілім. Құрылысы ұзаққа созылған үйлердің мәселесін шешуге «GLB» үй құрылыс комбинаты да көмектесіп келеді. Комбинат сонымен бірге әлеуметтік үй салуға жұмылдырылды. Сонымен бірге, бұрын құрылысы тоқтатылған «Алтын шар-2», «Алтын шар-3» құрылысы бойынша жұмыстарды аяқтауды



тапсырдым. Үй құрылысы комбинатының несиелері мен кәсіпорын қызметкерлері алдында шамамен 600 млн теңге қарызы болды. Мемлекеттің қолдауының арқасында бұл сома өтеліп, комбинаттың жұмысы қайта жанданды. Бұл шаралардың

барлығы үйлердің құрылыс жұмыстарын жандандыру үшін жасалды. Бір жарым жыл ішінде ұзақ құрылыс саны екі еседен астам азайды. Биыл пәтер кілтін көптен күткен тағы 7 мың үлескерге беруді жоспарлап отырмыз» деп жазды әкім.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



ВЕНА

Австрия астанасы Венадағы Альбертина галереясында көру қабілеті бұзылған адамдар үшін ерекше онлайн турлар жасады. Музейде бұған дейін көру қабілеті бұзылған өнерсүйер қауымға арналған аудио нұсқаулық болған болса, енді экскурсоводтар картиналардың тарихы мен олар туралы қызықты фактілерді айтып қана қоймайды, сонымен қатар жұмыстардың өзін сипаттайды. Бұл жағдайда суреттердегі түстерді ажыратпайтын және визуалды бейнелерді көрмейтін адамдар елестете алатындай және иіскеу, дәм сезу сияқты сезім мүшелері арқылы сезінетіндей етіп сипаттау – басты міндет. Турлар Zoom конференциясы режимінде өткізіледі.



КОПЕНГАГЕН

Дания астанасы Копенгагенде суретшілер граффити мен мозаиканы теміржол вокзалдары астындағы бетон өткелдерді безендіру үшін пайдаланады.

Стереотипті стрит-артпен бұзу – Копенгаген билігінің басты міндеті. Өзірге Копенгагендегі екі теміржол вокзалы - Шьер және Вигерслев Аллені безендіру қолға алынбақ. Бұған дейін Глоструп станциясының қабырғалары жөнделіп, граффити боялған. Егер Копенгагендегі ең жаңа жобалар мақұлданса, олар 2021 жылдың соңына дейін дайын болады деп күтілуде. Бұл 1,7 миллион крон (шамамен 300 мың доллар) тұрады деп болжанады.



ЖЫЛЫ АЯЛДАМАҒА ЖАУАПТЫ КІМ?

Жақында газет оқырманы Жақсылық Абррахманов хабарласып, бас қаладағы берекесі қашқан жылы аялдамалардың атын атап, түсін түстеп берген еді. Оны өз көзіммен көрмекке, жай-күйін білмекке арнайы бардым.



Елордадағы жылы аялдамалар қаңғыбастар мен мас адамға арналған ба? Үйсіз-күйсіздер таңды осы жерде атырып, тіпті ішінде дәрет сындырады. Оған адам төзгісіз ісі дәлел. Қуықтай бөлменің бұрыш-бұрышы қоқыстан көрінбейді. Индет әлі басылған жоқ, десе де, жолаушылар көп жиналатын бұл орында санитарлық талаптардың сақталатынына күмән көп. Соңғы рет едені қашан жуылып, есік-тере-

зесінің спиртпен сүртілгені белгісіз. Қақаған аязда тұрғындар амалдың жоғынан қоғамдық көлікті далада күтуге мәжбүр. Балалар жағы «бомжды» көргеннен кейін жылы аялдамаға жақындауға қорқады. Сонда бұл аялдамалар кімге пайдасы болып тұр?

БОМЖДАР БАС САУҒАЛАЙДЫ

«Жарты сағат бұрын театр-дан шықтық. Көктем келіп, күн жылынғанмен, аяз бар. Жылы аялдамаға кірейік десек, ішінде «бомж» ұйықтап жатыр. Амал жоқ, бір мен емес, қаншама адам суық болса да,

автобусты далада күтіп тұрмыз. Адамдар ішке кіреді, бірақ сасыған иістен қайта шығып кетіп жатыр. Қойылымнан алған әсерімнің бәрін ұмыттырды. О баста халықтың үмілтігіне жарайды деп қыруар қаражат жұмсап осыны салды ғой, ал енді неге қадағаламайды? Күзет, тазалықшы деген бар ма?» деп кейімі қала тұрғыны Ақерке Ғалымжанқызы.

Ішімізді көйпек алған, қалың ұйқының құшағында жатқан қаңғы-басты екі жігіт отып, аялдамадан әрең сыртқа шығарды. Ал одан қалған шөлмектердің әлі қанша күн тұрары белгісіз.

№67, №68 МЕКТЕП АЯЛДАМАЛАРЫНЫҢ ШЫНЫСЫ СЫНҒАН

Сарыарқа ауданындағы №67, №68 мектептердің атындағы жылы аялдамалардың шынысы шытынаған. Оны бәзбіреулер сындырып кеткен. Мұндағылар есігін ашып-жапқан сайын, шынысы құлап кете ме деп қорқады.

САСЫҒАН ИІС ҚОЛҚАНЫ ҚАБАДЫ

Ал «Жастар» шағын ауданы аялдасына аяқ аттап басу мүмкін емес. Мұңкіген иіс қолқаны қабады. Ол ғана емес іштен шемішкенің қалдығы, шаң-тозаң, орындықтың жанында жабысқан сағыз. Күлімсі иістен ешкімнің кіргісі келмейді. Автобусын күткендер көп болса да, бұл орын қаңғырап бос тұр.

Ш.Уәлиханов аялдасында көзіме түскені – есік алдындағы қатқан мұз. Ішке кіргенде аяқ астына қарап, абай болмасаңыз, тайып жығылуыңыз бек мүмкін. Одан кейін маскаңызды шешпегеніңіз абзал. Себебі мұнда да басты мәселе – сасыған иіс. Орындықтың асты толған коқыс. Түнде жабылмайды. Көше кезгендер қас қарайғанда осы жерге келіп, ойына келгендерін істейді. Себебі іште айыппұлға лігетін камера жоқ.

«Керуен» СОО жақтағы жылы аялданы жауапты болсын деп бизнеске берген. Алайда кәсіпкер пәтеріндей көрген болу керек ішіне перде тұтып қойыпты. Күткен автобусыңыздың өтіп кетпеуі үшін далаға қайта-қайта шығып, қарайлап тұрмасаңыз болмайды. Шыны аялданы жапқан шымылдық сырттағыны көруге кедергісін келтіріп тұр. Бұл кім үшін керек?! Жылы аялданың қалғанын есігі автобус тоқтаса да, неліктен ашық тұрады? Ішін тазалайтын, қаңғыбастардың кіріп алмауын қадағалайтындар бар ма?



ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

Елімізде 1 сәуірден бастап зейнетақыны есептеу жүйесі өзгереді. Бұл туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры хабарлады.

БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысының (Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне 2-қосымша) ережелеріне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан кем болмауы тиіс (қазір 54 пайыздан төмен болмауы шарт). Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне сәйкес 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болады – 6,5%. Сонда алдымен зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасын жинақтың мөлшерлемесіне көбейтеді. Одан кейін 12 айға бөледі. Осылайша бір айлық төлемнің мөлшері шығады.

Қор мамандарының хабарлауына, одан кейінгі жылдары

ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылғы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін 5 пайызға индекстеу мөлшерлемесіне жыл сайын арттыру жолымен қайта есептеледі.

Мәселен, зейнетақы жинақтарының сомасы 6000000 теңге болса, 1 сәуірден бастап алғашқы жылдың зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы: 6000000 * 6,5% = 3900000 теңге болады. Бұдан ай сайынғы төлем мөлшері (3900000 / 12 ай) 325000 теңге шығады. Екінші жылда оның көлемі 5 пайызға өседі, сонда 3412500 теңгеге дейін көтеріледі.

Сонымен қатар зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесінде белгілі бір санаттарға жататын, яғни мерзімсіз уақытқа белгіленген I немесе II топтағы мүгедектігі бар, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебін кемінде алпыс ай жинақталатын зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген алушылар үшін түзетіндігін арттыру коэффициенттері көзделген.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесі 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қаты-

настарға қолданылады. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы 30x43272 = 1298160 теңге). Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесіне сәйкес, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 наурызға (қоса алғанда) дейін іске асырған адамдарға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері 5% мөлшеріндегі зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне ұлғайтылады, кейіннен жыл сайын индекстеліп отырады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың аталған Әдістемесінде халықтың еңбек жағдайы мен денсаулық ерекшеліктерін ескеріледі, бұл өзгеріс БЖЗҚ-дан берілетін жыл сайынғы төлемдер мөлшерін ұлғайтуға ықпал етеді. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асады.

ТАҒЫ ДА – «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚ»

Осымен бірнеше күн әлемде тәулігіне коронавирустан қайтыс болатындар саны 10 мың адамнан төмендеді. Нақтырақ айтсақ, 5 наурызда 9838 адам көз жұмса, ол 8 наурызда 6431 адамға дейін азайды. Алайда 9 наурызда қайтадан 9 мың адам ажал құшып, кеше сағат 17.00-ге дейін өлім саны 3 мың адамға жуықтады. ДДҰ мәліметтері бойынша инфекция жұқтырып, дүниеден өткендер саны бір аптада 6%-ға кеміген. Мамандардың айтуынша, мұндай көрсеткіш қыркүйек айынан бері болмаған.



Бұл оң ахуалды ауру асқынып тұрған батыс елдерінің шұғыл түрде вакцинациялануы жатқанымен байланыстыруға да болады. Оның үстіне халық арасында табиғи жолмен жұмылдық иммунитеттің пайда болуы да – маңызды фактор. «Табиғи жолмен иммунитеттің қалыптасуы деген сөз – вируспен ауырған адамның жазылғаннан кейін бойында антидененің пайда болуы. Ал вакцина жасанды жолмен иммунитет қалыптастырады, яғни вирустың бір бөлшегі адамға егіледі. Бірақ екі жағдайда да иммунитеттің мерзімі қысқа. Сондықтан әр 5-6 ай сайын екпе алып отыру керек» дейді елордалық дәрігер Ғабит Нұрханұлы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өкілдері коронавирустан өлгендер саны азайғанмен, ауруды жұқтыру көлемі өткен аптада 2% артқанын айтады. Өткен 7 күн ішінде әлемде 2,7 млн-нан астам адам ауру жұқтырған. Дертке

шалдықандардың басым бөлігі Африка, Шығыс Жерорта теңізі елдері және Еуропада екені байқалған.

Ал елімізде кеше коронавирус-тың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия ел өңірлеріндегі эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасын жариялап, 10 наурыздағы жағдай бойынша Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары «қызыл аймақта» тұрғанын мәлімдеді. «Сары аймақта» БҚО, Атырау, Ақмола және Павлодар облыстары орналасқан. Ал қалған өңірлер – «жасыл аймақта». Жалпы Қазақстан – коронавирустың таралу қаупі бойынша «жасыл» аймақта.

Елімізде коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау жүргізілетіні жайлы ресми ақпарат тараған сәттен бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігі тұрғындар арасында вирустың алдын алуда вакцинацияның қандай тиімділігі бар екенін айтып, ҚР Президенті жұқтыру көлемі өткен аптада 2% артқанын айтады. Өткен 7 күн ішінде әлемде 2,7 млн-нан астам адам ауру жұқтырған. Дертке

сақтау министрі Алексей Цой қазіргі уақытта әлемде коронавируска қарсы вакцина жеткіліксіз екенін айтты. Бұл ретте Қазақстан елге вакцинаны басымдықпен жеткізу туралы келісімге қол жеткізген және індет бойынша эпидемиологиялық қолайсыз кезеңде халықтың осал топтарына екпе жасауды қолған алған ТМД кеңістігіндегі алғашқы елдердің бірі болып отыр. 9 наурыздағы мәлімет бойынша елімізде 33 279 адам бірінші компонентпен, 15 856 адам екінші компонентпен егілді.

Джонс Хопкинс университетінің мәліметі бойынша, пандемия кезінде әлемде 117,2 миллион адам ауырып, 2,6 миллион адам қайтыс болды. Соның ішінде ауру қатты асқынған АҚШ-та карантин шаралары алғаш рет жеңілдетіле бастады. Джо Байден әкімшілігі мақұлдаған алғашқы жеңілдік – вакцинаның екі дозасын алған адамдарға үй ішінде шағын топтармен кездесуге рұқсат етілуі. Дегенмен елде қоғамдық орындарда маска кию әлі де міндетті болып қала береді.



zhadira79@mail.ru

Жадыра ШАМУРАТОВА



СУЫҚ ДЕП НЕГЕ ШОШЫНАМЫЗ?

«Ақмола ақиқатының» 1996 жылғы алғашқы сандарының бірінде жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің «Ақмолаға барамыз» деген көлемді ой-толғанысы жарияланған. Ол кейбіреулердің көшуге байланысты пікіріне қатысты: «Дүние жүзіндегі ең әсем де әкімшілік жағынан да ең алдыңғы қатарда астаналық қалалар қатарынан саналатын Мәскеу, Санкт-Петербургтың ауа райы Ақмоладан жетісіп тұр ма екен? Немесе қазақтың ең аяулы асыл ұлдары Шоқан, Ыбырай, Абай сынды бүкіл қазақ жұртының суық жағына да, ыстық жағына да бірдей болған ұлы азаматтардың Біржан

сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Естай сияқты өнерлі, иісі қазақтың асыл мұрасына айналған ұлы композиторлардың, жақында ғана күні өткен советтік дәуірде бүкіл қазақ елінің болашағы үшін шырылдап отқа түскен Ахмет Байтұрсынұв, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиндерден бастап, күні кеше арамьздан кеткен Мұхтар, Сәбит, Рабит, Рабиден, Қаныш, Шәкен сияқты ел арыстарының туып-өскен суық та желді Сарыарқасы бүгінде неге соншама қызметке жайсыз, тіршілікке қолайсыз бола қалды?» деп ағынан жарылыпты («Ақмола ақиқаты», 12 қаңтар, 1996 ж.).



АҚМОЛА: БАС ЖОСПАР ЖАСАЛУ ҮСТІНДЕ

«Ақмола ақиқаты» газетінде ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Адамбек Қоғанов «Ақмола: бас жоспар жасалу үстінде» деген мақаласында қаланың астаналық дәрежедегі қызмет көрсету міндеті туралы айтады. Алғашқы кезекте Президент сарайы, Үкімет үйі, Парламент, Қорғаныс министр-

лігі ғимараттарының сәулеттік мән-маңызына назар аударуды көтереді. Сонымен бірге газетте «Болашақ астана төңірегінде өрбіген байсалды әңгіме» деген тақырыппен Ақмола арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің төрағасы, сол кездегі қала әкімі А.Бөлекпаевтың мәлімдемелері жиі жарияланып тұрған.

ТІЛ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Ол жылдары да мемлекеттік тілдің жағдайы маз емес еді. 1996 жылы елімізде 66 жоғары оқу орны болса, мұндағы студенттердің тек 20 пайызы ғана қазақ тілінде оқытылды. Сонымен қатар, республикада басылатын 1227 газет-журналдың 275-сі – қазақ тілінде, 497-сі – орыс тілінде, 412-сі екі тілде жарық көрген. Ал 200-ден астам телерадио ұйымдарының тек бесеуінде ғана қазақ тілінде хабарлар дайындалыпты. «Ол кезде Ақмола үлкен аудандық масштабтағы қиықшық, алқам-салқам талғамсыз соғылған қала еді. Басқалардың мысы басым қалада қазақтардың рухы басылып қалған. Қазаққа қазақша сөйлесен, бетіңе бажыра қарайды. Бір күні әкім Жәнібек Кәрібажа-

нов жиналыс жасайтын болды. Келген бойда «Мемлекеттік тілде сөйлеңіздер» деді. Сол-ақ екен, Алдан Смайыл, Жомарт Әбдіқалықтар бірінен кейін бірі қазақша сөйлей бастады. Орыс басшылар аң-таң. Сонда «Арқа ажары» газетінің тиражы тым аз екені айтылды. Аудан әкімдерінің бәрі отыр. Тып-тыныш. Сонда әкім: «Қазправда», «Егемен Қазақстан» – президентская газета, «Арқа ажары», «Ақмола ақиқаты» – наша газета» деді. Бітті. Артық ештеңе айтпады. Бір айдың ішінде газет тиражы бірнеше есеге артты. Айтты, орындальды» деп еске алады сол кездегі ҚР еңбек сіңірген әртісі, өнертану профессоры Кенжеғали Мырздықпаев журналист Гүлмира Аймағанбетке берген сұхбатында.



Бұл кез – Конституция жаңғырған кез. Өркениеттік дамуға сай қос палаталы кәсіби Парламент қоғам үшін сапалы құжаттарды қабылдауға кірісті. Осы кездері қабылданған өміршен заңдар мемлекеттің саяси-экономикалық жаңаруына үлкен сеп болды. Әлеуметтік қамтуда қиындықтар болды, жалақы айлар бойы берілмеді, күнкөріс төмендеді, жұмыссыздық мәселесі күшейді. Бұған статистикалық мәліметтер келтіруге болады. Мысалы, 1996 жылдың 1 ақпанында зейнетақы қорының зейнеткерлерге қарыз 4,7 млрд теңгені құраған. Республикада кәсіпорындар мен ұйымдардың 70 пайызы жалақы төлеуді кешіктіруінің салдарынан жалақы жөніндегі жалпы қарыз 31,5 млрд теңгеге жеткен. Сол кездегі статистика бойынша: 1996 жылғы қаңтардың 1-інен бастап І разрядты мектеп мұғалімінің тарифтік ставкасы – 2255 теңге, мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі тәрбиешісінің ставкасы – 2101 теңге, ІІ санаттағы дәрігердің ставкасы – 2420 теңге, санатсыз медбикенің ставкасы 1573 теңге болыпты. Әлеуметтік жағдай әлгідей болғанда халықтың саулығы да оңай тұрмасы белгілі. 1996 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша республика елде мекемелерінде тіркелген туберкулезбен ауыратын адамдардың саны 45 мыңға жеткен. Сондай-ақ бұл кезде ірі қара малдың туберкулезбен ауруы 4,4 пайызды құраған.

ЖАЛАҚЫ ЖАЙЫ МӘЗ ЕМЕС ЕДІ...

1996

30 ҚЫРКҮЙЕК – Қазақстан ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу шартына қосылды.

3 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Лиссабонда өткен ЕҚЫҰ саммитіне қатысып, саммиттің алғашқы күні жұмысына төрағалық етті.

24 ЖЕЛТОҚСАН – бас қаладан болашақ астанаға алғашқы көшті Көлік және коммуникациялар министрлігі бастады. 25 желтоқсанда ресми көштің басы Ақмолаға келіп жетті. Жергілікті уақыт бойынша 16.50-де «Астаналық» деген жазуы бар №3 Алматы – Ақмола пойызы келген кезде салтанатты марш ойналған. Алғашқы лекпен Ақмолаға келген қызметкерлер саны 20 адам болған. Олар ұжымның негізгі ұйытқысы, білікті кадрлар болған.

ЖАМБЫЛ ЖЫЛЫ

1996 жыл ұлы ақын-импровизатор Жамбыл Жабаевтың жылы болды. Сонымен бірге 1996 жылы 3 сәуірде Қазақстандағы қазақ ұлтының азаматтары құжатқа тарихи дәстүрге сәйкес өз екінің аты-жөнін, ата-бабасының атымен жаздыруға мүмкіндік алды. 1996 жылы шілдеде Қажымұқанның 125 жылдығына орай іс-шаралар ұйымдастырылған. Соның бірі – «Тыңгерлер егіні» – Макинка 96» спартакиадасы.

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ҚҰРЫЛДЫ

1996 жыл, саяси жағынан алғанда, Қазақстан үшін жаңа өзгерістерге толы болды. Еліміз өзіндік сыртқы саясаты ұстанымын қалыптастыру қажет болды. Сыртқы саясаттағы негізгі мақсат – елдің қауіпсіздігін сақтау, саяси және экономикалық қарым-қатынастарда аймақтық, субрегионалды құрылымдарға ену, тәуелсіз мемлекет есебінде елдің дамуы үшін сыртқы қолайлы жағдайларды қарастыру және оны тиісінше дамыту. Бұл үлкен өзгерістер «Ақмола ақиқаты» беттерінен көрініс тауып отырған. Мысалы, 1996 жылы сәуір айында

Шанхай ынтымақтастық ұйымының іргесі қалануына Қазақстан да өз үлесін қосты. «Бірлескен жұмыстың негізгі көрсеткіші іске асырылған жобалар мен өзара тауар айналымын ұлғайту түріндегі нақты нәтижелердің жетістіктері болуы керек. Ұйымның көлік-транзит әлеуетін іске асыру ынтымақтастықтың перспективалық бағыты болмақ. Бұл ШЫҰ аясында өзара тауар айналымын ұлғайтуға, біздің елдеріміздің рыногын біріктіруге, Азия мен Еуропа арасындағы транзиттік жүк тасымалын кеңейтуге мүмкіндік береді» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІ» АШЫЛДЫ



16 желтоқсанда Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан тәуелсіздігінің бес жыл толуына байланысты «Тәуелсіздік монументі» ашылды. Монумент авторлары: сәулетші Ш.Уәлиханов – топ жетекшісі, мүсіншілер: Н.Далбай, Ә.Жұмабаев, сәулетшілер: Қ.Жарығұлов, Қ.Монтақаев, т. б.

1996 жыл туралы жазушы-публицист, мемлекет қайраткері марқұм Камал Смайылов ағамыз «Тәуелсіздік толғауы» атты баспасөзде жарияланған естелігінде былай деп жазады: «1996 жылы тәуелсіздігіміздің бес жылдығын алғаш рет салтанатпен атап өткенбіз. Жүріп өткен жолымызды қорытындылап, қуаныштар мен қиындықтарды сараптап, тағы да бір шолу, талдау жасап шыққанбыз.

Сонда тәуелсіздіктің бес жылдығына арналып Алматыда өткен салтанатты жиында Президент Нұрсұлтан Назарбаев қазақ халқының, оның басшылары мен батырларының ғасырлар бойы армандаған мақсатын айта келіп, былай деді: «XVII ғасырда қазақ сахарасында жасындай жарқылдаған Абылай армандап өткен, мұңды шерге толы XIX ғасырда Кенесары қарумен күрескен, жаппай қырып-жоюға қарсы бас көтерген Бокейхан межелеп кеткен асыл мұраттар өлген жоқ, соның бәрі 1991 жылы тәуелсіздігіміздің бес жылдығын алғаш рет салтанатпен атап өткенбіз. Жүріп өткен жолымызды қорытындылап, қуаныштар мен қиындықтарды сараптап, тағы да бір шолу, талдау жасап шыққанбыз.

АТЛАНТАДАН – ҮШ АЛТЫН

Атланта ойындарында біздің жас мемлекеттің спортшылары өнер көрсеткен 196 елдің құрама командаларының арасында жалпыкомандалық ресми емес есепте 22-орынға ие болды. Бұл олимпиадалық ойындар сияқты әлемдегі ең үлкен форумда әлі халықаралық тәжірибесі аз жас мемлекеттің үлкен табысы болатын. Атлантада Болат Жұмаділов күміс медальға ие болды. Болат Ниязымбетов пен Ермахан Ибраймынов қола медальдарды қанағат тұтты. 12:9 есебімен жеңіске жеткен В.Жириков чемпион атанып қана қоймай, әділ қазылар алқасының шешімімен ойындардың ең үздік боксшысына берілетін Вал Баркердің кубогына ие болды. Қазақстандық бексейышы Александр Парыгин Атланта ойындары қаһармандарының біріне айналды. Біздің Атлантадағы келесі қаһарманымыз атақты



Балуан Дәулет Тұрлыхановтың шәкірті, грек-рим күресінің шебері Юрий Мельниченко олимпиадалық кілемде алтын медальға ие болды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №26 (4150) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns for ID, Surname, Name, Patronymic, Date of Birth, and Description of Position/Service. The table lists numerous individuals across multiple columns, detailing their official roles and service dates.



Table with 7 columns: Candidate ID, Surname, Name, Patronymic, Date of Birth, Gender, and Address. It lists candidates for the Nur-Sultan City Akim's Office.

(Жалғасы бар)

«Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив іс басқармасы» мемлекеттік мекемесі (010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 726-кабинет, анықтама үшін телефондар, 8 (7172) 55-67-23, b.asilbekov@astana.kz) бос лауазымға орналасуға жалпы конкурс жариялайды. «Руханият» қорнаудық мемлекеттік мекемесінің басшысы, А1-2.

Лауазымдық жалақы 111544 теңгеден бастап 135293 теңгеге дейін, еңбек өтіліне байланысты. Мекенінің негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: қазақ тілі латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шараларды өткізу, мемлекеттік қызметшілерге тіл курстарын ұйымдастыру, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік емес мекемелері мен кәсіпорындардың қызметкерлерін, сондай-ақ елорда тұрғындарын оқыту орталықтарының оқытушыларын және ересек тұрғындарды оқыту үшін филологтар мен лингвист ғалымдарды тарта отырып семинарлар мен дәрістер, құрстар ұйымдастыру, латын графикасына кезең-кезеңімен көшу бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсету, Нұр-Сұлтан қаласының аумағында Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны орындау. Ономастиканы, топонимиканы зерделеу жөніндегі зерделеу ұйымдарын тарта отырып жұмыстар жүргізу; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рөміздерін келіп-танымал ету жөніндегі ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізу; Көрнек ақпарат мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне аудару жөніндегі анықтамалық ақпарат беру және басқалар.

Біліктілігі қойылатын талаптар: Келесі мамандықтар бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Білім» (қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті), «Гуманитарлық ғылымдар» (филология, аударма ісі), «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (журналистика, экономика, әлеуметтану, саясаттану, мемлекеттік және жергілікті басқару), «Құқық» (құқықтану) мамандықтары бойынша, мекеме бейініне сәйкес келетін ұйымдарда, басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі. Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (бұдан – әрі Конституция); Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі (бұдан әрі – Бюджет кодексі); Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодексі» (бұдан әрі – Салық кодексі); 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан – әрі Еңбек кодексі); «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рөміздерін келіп-танымал ету жөніндегі ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізу; Көрнек ақпарат мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне аудару жөніндегі анықтамалық ақпарат беру және басқалар.

құқықтар шегінде шешелі, қызметтің жеке-жеке бағыттарын жүргізуді директордың орынбасарларына және басқа да лауазымды тұлғаларға тапсырады; Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін дамытуға және жетілдіруге бағыттайды; Мекеменің қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруда заңдылықты сақтауын, нарықтық жағдайларда қаржылық басқару және жұмыс істеу үшін құқықтық құралдарды пайдалануды, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайтуды, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуді қамтамасыз етеді; Нұр-Сұлтан қаласының аумағында қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен, үкіметтік емес ұйымдармен және басқа да мекемелермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

Өз құрыпте шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етеді; Мекеме жұмысының тиімділігін арттыруды, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды, олардың мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді; Мекеменің білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімін мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, оқушылар ортаны қорғау туралы заңнаманы талаптарын қорғау, ұқымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды; Сотта, төрелікте, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда мекеменің мүліктік және басқа да мүдделерін қорғайды және ұсынады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға «Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив іс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қолма-қол немесе пошта арқылы келесі құжаттарды ұсынады: 1) Қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке басын қолдандыратын құжаттың көшірмесі; 3) кадрларды есепке алу бойынша тотырталған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілді); 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; 6) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6697 болып тіркелген) денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысанындағы сәйкес №086/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды), құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын уақыт бұрын берілген (не денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама); 7) сыйбалас жемқорлық, қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама. Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады. Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат бар болған жағдайда (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан) ұсынады. Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1017 бұйрығымен бекітілген азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурстық өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі. Байқау үй кезінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау; 2) үміткерлермен әңгімелесу өткізу; 3) конкурстың қорытындысын шығару. Конкурсқа қатысу үшін жаңа құжаттарды хабарландыру ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде келесі мекенжайға ұсынылуы тиіс: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, «Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив іс басқармасы» мемлекеттік мекемесі, №726 каб. Анықтама телефоны 8 (7172) 556723.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 05.03.2020 №510-769

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасын мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бес жоспарлы іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес № 29 (жобалық атауы) көшесін жүргізу және пайдалану үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, № 29 көше (жобалық атауы), Мәңгілік Ел даңғылынан бастап № 38 көшесіне (жобалық атауы) дейінгі учаскеде орналасқан жалпы ауданы 2-учаске – 2,9591 га, 3-учаске – 3,4572 га жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін. 2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н. Нұрқенов

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Table with 8 columns: P/c №, Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, Меншік иесі / жер пайдаланушы, Сервитут шекарасының крініп жер учаскесінің ауданы (га), Жер учаскесінің орналасқан жері, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Құқығы. It lists land parcels for public utility.

№27 (4151) 11/03/2021 Бейсенбі



МӨДЕ ТУРАЛЫ ТУЫНДЫ

Жуырда Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде белгілі қаламгер, түркітанушы ғалым Иманғазы Нұрахметұлының «От пен су» романының таныстырылымы болды.

Тәуелсіздігіміздің отыз жылдық мерейтойы аясында өткен мәдени шараға елордадағы зиялы қауым өкілдері қатысып, оқырманға жол тартқан жаңа шығарма туралы өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Жиын тізгінін ұстаған академик Дихан Қамзабекұлы кітаптағы басты кейіпкер – Мөденің мемлекетшілігі туралы парасатты сөз қозғап, тарихымызда айтулы орны бар тұлғаларды ардақтау, қастерлей білу керек екенін айтып, жарыққа шыққан романның соны ізденіс, жаңаша леппен жазылғандығына тоқталды.



Қарымды қаламгердің «От пен су» романына тарихи тұлға, ұлы Ғұн империясының шаңырағын көтеріп, кемеліне келтірген әйгілі әмірші Мөде Түменұлының балалық шағында бастан кешкен оқиғалары арқау болған. Шығармада көне түркілердің этнографиясы мен салт-дәстүрлері, наным-сенімдері туралы да қызықты мағлұматтар берілген. Сонымен бірге автордың кейіпкерлерді даралауы, сан алуан күрделі оқиғаларды жеңіл баяндау және сол көне дәуірдегі әлеуметтік тартыс оқырмандарды жетелеп отырады.

Иманғазы Нұрахметұлының бүгінге дейін «Топыраққа түскен сәулелер» жыр жинағы мен «Шашы өртеніп тұратын қыз», «Қайыршылар қақтығысы», «Бақсының күлкісі» әңгімелер жинақтары жарық көрген. Сондай-ақ ол кісі Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикмет» кітабының шағатай тіліндегі түпнұсқасын аударуға үлес қосты. Жазушының жаңа романы да кітап сүйер қауымның көңілінен шығады деп ойлаймыз.



«АҚҚУ КӨЛІНЕН» СУСЫНДАДЫ

Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай елордалықтарға «Астана Операның» үлкен залы сахнасында П. Чайковскийдің баршаға сүйікті «Аққу көлі» балеті ұсынылды.

Ресей халық әртісі Алтнай Асылмуратованың жаңа хореографиялық редакциясындағы «Аққу көлі» балеті театр сахнасында 2018 жылдан бері қойылып келеді, ол астаналықтардың ғана емес, 2017 жылы гастрольдік сапар аясында алғаш рет көрсетілген Маскат жұртшылығының да көңілінен шыға білді.

Сондай-ақ «Астана Опера» труппасы аталған спектакльмен Италия (Генуя) мен Испанияда (Валенсия) болып, балет сыншыларының жоғары бағасына ие болған. Либреттоның негізіне ертегі фольклорында кеңінен кездесетін зұлым сиқырдың күшімен құсқа айналған қыз туралы сюжет алынған. Зұлым сиқыршының дуасы

күндіз әсер етеді, бірақ айтуанда аққу сұлу Одеттаға айналады. Көзде ол жалғыз емес, айналасында оны аққулар патшайымы деп атайтын аққу-қыздар бар. Дуаны жас жігіттің адал махаббаты ғана жоя алады, бірақ мәңгі махаббат серті бұзылса, онда ол өмір бойына аққу болып қала береді.



ЖӘДІГЕР

ҚҰНДЫ МҰРАМЕН ТОЛЫҚТЫ

Таяуда елордадағы Ұлттық музей қоры құнды жәдігермен толықты. Мемлекет және қоғам қайраткері, руханият жанашыры Иманғали Тасмағамбетов бас мұражайға ел ішінде «Адай ері» деген атаумен мәлім ақбас ерді сыйға тартты. Бұл тарихи жәдігер XVIII ғасырдың орта кезінде Атырау, Маңғыстау өңірінде жасалған.

azamat_79@bk.ru

Азамат ЕСЕНЖОЛ

Белгілі тарихшы, өнер зерттеуші Сырым Хасеновтің айтуынша, қырынан қарағанда ақбас қозықұйрық ерінің бейнесі жас қозыға ұқсайды. Ол бірнеше бөлек жөке ағашынан қиыстырылған.

– Бұл ердің алды-арты бірдей сүйектеліп әшекейленген. Алдыңғы қасы – 28 см, артқы қасы – 17 см, қапталының ұзындығы – 37 см, ені 10 см болады. Ердің алдыңғы қасының кересінің артына дейінгі ұзындығы – 44 см, ені 29 см құрайды. Үзеңгілерінің биіктігі – 18 см, ендері – 12-7,5 см. Тоқымының ұзындығы 40 см болса, ені 34 см қамтиды. Оған ағаш, сүйек, металл, былғары, күміс секілді материал пайдаланылған. Сонымен бірге түрлі сүйек әшекейлер шебер қиюласып, сүйек шегелермен бекітілген, бетіне сан түрлі бедерлі өрнектер жүргізілген. Пышақ ұшымен ойылған өрнектердің көпшілігі түзу сызықтар мен



иректердің нүктесі бар шағын дөңгелек шеңберлерден тұрады. Оқпанның қарсы алды мен екі жақ бүйіріндегі көлемді сүйек әшекейлердің және артқы қастың үстіне айшық бейнесінде шегеленген екі бөлек сүйектің беттері геометриялық өрнектермен, көгеріс тектес оюлармен нақышталған. Ал ердің үстіне күміс бүркеншікті шегелермен

қалың қара былғары тартылған, – дейді зерттеуші.

Мазмұнды шара аясында Иманғали Нұрғалиұлы мұражай мамандарымен ұлттық мәдениетті насихаттауға қатысты ойлармен бөлісіп, пікірлессе, музей директоры Арыстанбек Мұхамедұлы белгілі қайраткерге осындай бағалы жәдігерді сыйға тартқаны үшін алғысын айтты.



Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №27

Баспаханна: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNU» ЖШС



СПОРТ



«АСТАНА» МЕН «АРЫС» АЙҚАСАДЫ

Сенбі күні футболдан Қазақстан чемпионаты басталады.

galym_k1963@mail.ru

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Биылғы біріншілікке 14 команда қатысады.

Премьер-лигада «Қайрат» (Алматы), «Тобыл» (Қостанай), «Астана» (Нұр-Сұлтан), «Шахтер» (Қарағанды), «Ордабасы» (Шымкент), «Жетісу» (Талдықорған), «Қайсар» (Қызылорда), «Атырау», «Та-

раз», «Ақтөбе», «Қызылжар» (Петропавл), «Ақжайық» (Орал), «Каспий» (Ақтау) және «Арыс» (Түркістан) командалары ойнайды.

13 наурызда «Арыс» – «Астана», «Қайрат» – «Жетісу», «Атырау» – «Шахтер», 14 наурызда «Ордабасы» – «Қызылжар», «Каспий» – «Ақтөбе», «Қайсар» – «Тараз», «Тобыл» – «Ақжайық» командалары өзара кездеседі.



ИСПАНИЯДА АЛТЫ ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Қазақстан ұлттық құрамасының боксшылары Испанияда өткен халықаралық жарыста алты жүлде алды.

Карантиннен кейінгі алғашқы халықаралық жарыста Махмұт Сабырхан (52 келі) барлық қарсыластарын ұтып, турнир жеңімпазы атанды. Василий Левит (91 келі) күміс жүлдегер атанды.

Жартылай финалда сүрінген Серік Теміржанов (57 келі), Абылайхан Жүсіпов (69 келі), Бекзат Нұрдәулетов (81 келі) және Нұрлан Сапарбай (+91 келі) қола жүлдемен орады.